

Мектеп қабырғасынан майданга

Кенеттен басталған соғыс кала мектептерінің қабырғасынан түлөп ұшкан жас жеткіншектердің болашак туралы жоспарларын түбірінен қырқып түсті. 1941 жылы 25 мамырда № 1 орта мектептің 10 сыныбын бітіріп шыккан 34 түлектің үлдары, куллі Кенестер одағында ортак ұранға айналған «Мектептен-майданға» шақыруына ун қосып, түгелдей өз еріктерімен майданға аттанды, көпшілігі соғыс далаларында ерліктен қаза тапты. 1943-1944 жылдары соғыска дайындық қажеттілігін ескере отырып, жеке қыздар мен үлдар мектептері ашылды.

Майданға аттанған еріктілердің ішінде алғашқы болып Науров, Плотников, Погадаев, Бектасов және басқалары колдарына кару алып, жауга карсы тұрды. Қалалық тарихи-өлкетану музейінің қорында Иван Почепцов, Белянин және т.б. түлектердің майдан даласынан туыстарына жазған үшбұрышты хаттары сакталған.

1941-жылы маусымда орта мектепті үздік бітірген Борис Беляниннің арманы Горький атындағы автомобиль институтына түсү болды, бірақ соғыс бәрін өзгертті. Майданға аттанған Борис 1941-жылдың 3 – қарашасында, бар болғаны 19 жасында қаза тапты.

Музей қорында қарындасы Ольга жазған Почепцовтың хаты сакталған. Аса сауатты жазылған үшбұрышты жауынгерлік хатта жауга деген өшпенділік, туысқа, әсіресе анасына деген ыстық махаббат көрініс береді. Иван Андреевич Ломакин 18 жасқа толмаған кезінде әскер қатарына Алматыдан шақырылды.



Мектеп қабырғасынан майданга жатасы

Соғыс жағдайында адам өмірінің қаншалықты құнсыздандып, түкке тұрғысыз нәрсеге айналатынын да сонда түсіндім - дейді өз естелігінде десантшы ардагер. И.А. Ломакин Минск, Борисов, Познань қалаларын босатуға қатысты. Женіс күнін Беларуссияның батысында қарсы алды.

1941 жылы Балқаш әскери комиссариаты Балқаш қаласынан шыққан әскерге шақырылған 12 адамды Ташкентке жібереді. Оларды кейіннен бөліп, бір бөлігін Самарқанд қаласындағы танкішілер дайындау оқу полкіне жібереді, олардың арасында №1 мектептің түлектері Борис Кобзев пен Райхан Мусин де болды. Бірнеше күннен кейін олардың полкі майданға аттанып, алғашқы ұрысқа кіріседі. Бұл ересек өмірлері соғыстың қанды құндеріне тап келген екі балғын жігіттің өмірлеріндегі ең жауапты құндері еді.

Жалпы, соғыс жылдарында Балқаш қаласы мектептері қабарғаларынан шыға сала тұра соғыс майдандарына аттанған 100-ден аса түлектердің майдандағы ерліктері халықтың алғысы мен Отан марапаттарымен атап өтілді.



**И.Почевцев
№1 мектептің түлегі**

И.Почепцовтың жазған хаты

Здравейтвуй дорогая Ташкента!
Получиши от меня письмо и пиши отвѣт.
Очень рад писать ученикам в РГУ. Привет
по Майдану, спасибо за письмо, тебе здорово
было писать в домашней среде.

Привет моим племянникам и племянницам
жениху, они помогают заниматься изучением
истории, поэтому я очень рада им. И в будущем
они тоже помогают в изучении истории.
С каждым днем улучшаю свои письма.
Сейчас я пишу в Белоруссию. Сегодня
здесь много и другие хорошие вещи.
Здесь много не хватает, а если дадут
книжки-много книжек, то сразу пойду.
Все это много интересно, интересно, о
всем писать, они помогают не откладывать
они пишут.

Сейчас дарю тебе все мои достижения, видите
я также делаю и много, так как учатся в школе
также. Помоги книжки, они тебе будут че-
ловеком и ты легче будешь учиться.

Моя мама обещала выслать свою дорогу
дни, если письмо писать сразу же в
ним в этом нет то подожди, а то вина не
есть не заставлять маму забот.

Я тоже буду собираться, чтобы писать письма,
но это не всегда будет, так как буду учиться,

занять слишком много времени.

Ну, пока, всем спасибо.

Привет всем племянникам!


Получиши от меня письмо
пиши мне
мой друг Зубкович



Мектеп қабырғасынан майданга

жалгасы

Алғашқы әсери дайындық мектебін бітіргеннен кейін Қалинин майданындағы НКВД Ішкі әскерлері, 6- дивизиясының 136-шы атқыштар полкіне түсті. Иван үшін ең ауыр соғыс күндері олардың полктегінің Кавказ тауларына парашютпен тасталған кездері еді. Жалпы, соғыс жылдарында Балқаш қаласы мектептері қабарғаларынан шыға сала тұра соғыс майдандарына аттанған 100-ден аса тұлектердің майдандағы ерліктері халықтың алғысы мен Отан марапаттарымен атап өтілді.



А.Беляниның анының жазған хаты



*А. Г. Белянин-артиллерист.
Украинада 1943ж. қазатапты*



*В.Дружинин
№1 мектептің тулеғі*

